

ажыратылатын фонетикалық белгі – қатарына жатқызылған [4,6]. Жалпы түркі тілдері бойынша у, в, п, б дыбыстарының төркіндес дыбыстар екендігі толық дәлелденген.

И.А. Батманов у дыбысының басқа еріндік дыбыстардан өзгешелігін айта отырып, екінші буында қолданылатын у ерін үндесуінің нәтижесі болуы мүмкін, кейде езу дауыстыларынан кейін де айтылуы мүмкін десе, Сағындықұлы Б. «У дыбысының даму логикасы екі ұзақ кезеңді басынан өткізгенін аян етеді: бірінші кезең – қатаңдану кезеңі, яғни дауыстыдан сонорға, сонордан жалпылай қатаңға, жартылай қатаңнан қатаңға ауысу кезеңі болса, екінші кезең – қатаңнан ұяңға ауысу кезеңі, яғни п > б > в», дейді [5,38].

Демек, ғалымның пікірінше, у дыбысы архетип болып табылады, тек тарихи дамуының екінші кезеңінде кері процеске ұшыраған.

Бір дыбыстың түсіп қалуы арқылы жаңа сөз қалыптасқан, әрине, бұл біздің тілімізде болуы мүмкін, ал өзге түркі тілдерінде мұндай жағдай болмауы да мүмкін. Ескерткіштер тіліндегі сөз соңындағы дыбыстардың түсіп қалуын тіл білімінде **апакопа** дейді. Бұл құбылыстың нәтижесінде *тары* сөзінің көне дәуірлерде *тарығ* болып айтылғандығын, *сары* сөзінің *сарығ* түрінде айтылғандығын білеміз. Алайда мұндай құбылыстар орта ғасырларда әлдеқайда көбірек болған. Бұл құбылыс адамдардың сөйлеуде жеңілдікке ұмтылуынан болған болуы керек.

Түйіндей келе, сөздердің байырғы қалпы мен қазіргі қолданыстағы түрінің арасындағы ұқсастықтарын айыруда сыртқы тұлға үлкен рөл атқарады. Кейде сыртқы тұлға да алдамшы болғанымен, омоним сөздердің о бастағы шығу тегі бір болып жатады. Сыртқы тұлғасы ұқсас болумен қатар, аздаған өзгерістерге ұшыраған сөздерді де төл сөзіміз деп есептейміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Сардар, 2014.
- 2 Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
- 3 Джунисбеков А. Сингормонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1970.
- 4 Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы. 1994.
- 5 Ескеева М. Тарихи дыбыс өзгерістері. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2003.

#### Саменова Света Нұртаевна

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[sn.sveta@mail.ru](mailto:sn.sveta@mail.ru)

### Т. Т. ПІРІМБЕТОВТІҢ СӨЗЖАСАМ МЕН МОРФОЛОГИЯҒА ҚАТЫСТЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Парасатты педагог, абзал азамат, тіл білімінде өзіндік қолтаңбасы бар ғалым Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов ғылым жолына үлкен ізденіспен, айтар ойымен, зор жауапкершілікпен келген ғалымдардың бірі де бірегейі еді...

Қазақ тіл біліміндегі тұрпайы лексиканы алғаш зерттеп, зерделеуден басталған ғылыми ізденісі қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясына қатысты қалыптасқан теорияға тың ой-тұжырымдар ұсынумен жалғасты. Аудиторияда дәріс жүргізу барысында морфология мен сөзжасам арасындағы шиеленіскен, шатастырыла баяндалған тұжырымдар мен терминдерге бетпе-бет келген ғалым сол мәселелерге қатысты өзіндік ойларын бірнеше мақала көлемінде жариялап, өз пайымдауын ұсынып отырған. Айта кетерлік жайт – ғалымның дәлелді ойларымен келеспеске болмайтындығы және ғалым көтерген біраз мәселенің бүгінде қазақ тілінің сөзжасам және морфология саласында оң шешім тапқандығы.

Қазақ тіл білімінде бір мың тоғыз жүз тоқсаныншы жылдардың соңында қазақ тілінің сөзжасамы жеке сала болып қалыптасқандығы белгілі. Оған дейін сөзжасам саласының біраз

теориялық мәселелері тілдің морфология, лексикология, синтаксис салаларында қарастырылып, сөзжасамның көптеген теориялық сұрақтары назардан тыс қалды, сөзжасам жүйелі түрде, тілдің біртұтас саласы ретінде арнайы зерттелмеді. Бұл мәселе ғалымдар назарына ілігіп, тоқсаныншы жылдардың басында қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы деген тіл білімінің саласы жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына енді. Ғылымның жеке саласы қалыптасқаннан соң оның нысаны, өзіндік теориясы мен салаға тән терминдері, зерттеу әдісі, талдау жолдары болатыны белгілі. Сол кезеңде қазақ тіл білімі ғылымының алдында осы мәселелерді айқындау міндеті тұрды.

Қазақ тілі сөзжасамы ғылымның жеке саласы болып қалыптасуында филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Оралбайдың еңбегі зор. Ғалым сол уақытқа дейін морфология саласында қарастырылып жүрген сөзжасам мәселелерін жіктеп, саралап шықты. Профессор Н.Оралбай тіл білімінің сөзжасам саласы жеке қалыптасқан орыс және кейбір түркі тілдеріндегі ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, қазақ тілі сөзжасамының теориялық негізін қалады. Қазақ лингвистикасында алғаш рет сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық мағына тәрізді терминдер ғылыми айналымға түсті. Одан бергі отыз жылдан аса ғалымдардың нақты зерттеу нысанына айналған сөзжасам саласында әлі де даулы, толық шешімін таппаған сұрақтар жетерлік. Мәселен, қайталама қос сөздердің, қысқарған сөздердің, мағына түрлендіруші жұрнақтардың, етіс жұрнақтарының сөзжасамға қаншалықты қатысты екендігі әлі де зерттеушілер тарапынан түрлі көзқарастың туындауына негіз болып отыр. Сол сияқты морфология мен сөзжасам саласында терминдік алақұлалықтар күні бүгінге дейін бар. Терминдерді қолданудағы бірізділіктің сақталмауы мәселесін кезінде Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов өз мақалаларында тақырып етіп көтеріп, оларды әр салаға қатысты қалыптастыру үлгісін де ұсынған болатын.

Тіл білімінің сөзжасам саласының негізгі зерттеу нысаны – туынды сөздер және олардың тілде жасалу жолдары мен туынды сөздердің мағынасы. Профессор Н.Оралбай: «Туынды сөздер – тілдің сөзжасамдық процесінің нәтижесінде туған лексикалық дайын тұлғалар», - деген анықтама бере отырып, *туында сөз* терминінің мәнін сипаттайды [1, 33]. Ғалым қазақ тіл білімінде бұл терминнің жиі қолданылатындығын, бірақ оның бір мағынада тұрақты қолданылып жүрмегендігін, оның кей еңбектерде *туынды түбір* деген мағынада да кездесетіндігін, бірақ екі терминнің мағынасында үлкен айырма бар екендігін атап өтеді.

Тұрмағанбет Төлешұлы да осы мәселеге екі мыңыншы жылдардың басында-ақ назар аударып, сөзжасам саласы мен морфология саласында қолданылып жүрген терминдерде бірізділік қағидатының сақталмауы, жеке саланың қалыптасқандығына он жылдан аса уақыт өткендігіне қарамастан, сөзжасам саласына қатысты терминдердің толық тұрақталмай отырғандығын нақты тілдік фактілерді келтіре отырып атап өтеді. Мәселен, «Морфология және сөзжасам саласындағы кейбір терминдер жайындағы мәселелер» деген мақаласында: «Соңғы кезде морфология және сөзжасам турасында жазылған еңбектерде көптеген терминдердің ортақтығы (әсіресе дыбысталу, айтылым жағынан) бұл екі саланы бөліп қарастыруда едәуір қиындықтар туғызып отыр. Олар түбір, туынды түбір, туынды сөз, түбір морфема, қосымша морфема, жұрнақ, жалғау және бұған қоса күрделі сөздер түрлерінің атаулары т.б. Қайсібір еңбектерде бұл секілді терминдер бірінің орнына бірі талғаусыз қолданылатыны кездеседі», - дейді [2, 85]. Ғалымның бұл айтып отырған мәселесі бүгінгі күні өз шешімін толық тапты деп айта алмаймыз, біраз термин әлі де екі салаға ортақ қолданылып жүр. Мысалы, *күрделі сөз*, *қос сөз*, *біріккен сөз*, *қысқарған сөз* деген терминдерді морфологияда да, сөзжасамда да қарастырып жүрміз. Бұған қатысты кезінде Т.Т.Пірімбетов: «...Бұл жағдай (*терминдердің бірінің орнына бірі талғаусыз қолданылатындығы – С.С.*) морфологиялық пен сөзжасамдық талдаулардың өзіндік табиғи қасиеттерін ерекшелеп көрсетуде қайшылықтар, қиындықтар туғызып жүр. Мысалы түбір, туынды түбір деп көрсету сөз құрамын морфологиялық жақтан талдау мәселесі болса, сөзжасамдық еңбектерде морфологиялық талдау еместігін көрсету мақсатында түбірді *негізгі*

сөз, туынды түбірді *туынды сөз* деп тұрақтандырған дұрыс секілді. Морфология саласындағы *негізгі түбір* терминін сөзжасамда басқа сөздердің жасалуына түпкі қазық болғандықтан, *негіз* деп қолданған ыңғайлы сияқты. Сонда *түбір* – *негізгі сөз*, *туынды түбір* – *туынды сөз* немесе қайсыбір еңбектерде қолданылып жүргендей «негізді сөз», *ал негізгі түбірді* – *негіз* деп қолдану әңгіме қай сала тұрғысынан болып жатқанын саралап берері сөзсіз» деп өте орынды пікір білдірген [2, 85].

Бүгінде *түбір* және *негізгі түбір*, *түбір морфема* деген терминдердің де аражігі әлі де нақты айқындалмағандығын атап өткен жөн. Терминдерге беріліп жүрген анықтамаға назар аударалық. Мысалы А.Ысқақов мынадай анықтама береді: «Түбір морфема – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі» [3, 24]; «Сөздің өз алдына тұрып мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағыналы бөлшегі, әдетте **түбір** немесе **негізгі түбір**, немесе **түбір сөз** деп аталады» [3, 86]. Демек, А.Ысқақовтың анықтамасына сүйенсек, *түбір*, *негізгі түбір*, *түбір сөз*, *түбір морфема* деген түрлі терминмен аталып жүрген сөздердің анықтамасы біреу-ақ. Олай болса, оларды түрлі терминмен атаудың қаншалықты қажеттілігі бар? Бұл жердегі мәселе – морфология мен сөзжасам терминдерінің аражігінің айқындалмауында ғана емес, бір теориялық ұғымға түрлі терминнің ұсынылуында да болып тұр. Десек те, соңғы жылдардағы жарық көрген оқулықтар мен жеке зерттеулерде морфологиядағы *түбір* терминінің орнына сөзжасамда *негіз*, *туынды түбірдің* орнына *негізді сөз*, *біріккен сөздің* орнына *сөзқосым*, *қысқарған сөздердің* орнына *қысқарым*, *қос сөздің* орнына *қосарлы сөз* деп қолданылып жүргендігі байқалады.

*Түбір морфема* мен *негіздің* айырым белгілерін Тұрмағанбет Төлешұлы дәл анықтап, морфологиялық және сөзжасамдық талдаудың ерекшелігін жіктеп береді: Ғалым: «...«түбір морфема» сөздің лексикалық мағынасын білдіретін сөз бөлшегі болмақ. Бұл тұрғыдан морфемаларға жіктеу морфологиялық талдау болып табылады. Ал «негіз» термині – сөзжасам мәселесі. Себебі сол «негізден» сан түрлі сөздер жасалады, яғни сөзжасамның түрлі бірліктерінің жасалуына негіз болады. Екіншіден, «негіз» деген сөздің лексикалық мағынасынан-ақ бір нәрсе жасауға тірек, фундамент деген ұғымды бере алады» [2, 86], - деп, туынды сөзге қатысты ойын өрбітеді. Орынды пікір. Ғалым осы пікірін одан әрі ғылыми тұрғыдан негіздей түсіп, 2014 жылы «Сөзжасам саласындағы туынды сөз бен түбір мәселелері» деген тақырыпта келесі мақаласын жариялайды. Автор кейбір ғылыми еңбектердегі осы мәселе төңірегіндегі пікірлерге талдау жасай отырып, екі саладағы терминдік қолданыстардағы бірізділіктің әлі де сақталмай отырғандығын нақты мысалдар негізінде дәлелдейді. Ғалым «қазақ тіл біліміндегі сөзжасам саласы бойынша жарық көріп жүрген шағын немесе көлемді еңбектер болсын сөз етіліп отырған сала бойынша терминдік қолданыстарға келгенде бірізділіктің жоқтығы алаңдатады» [4, 18] деп оған алаңдаушылық білдіреді. Осы аталған мақаласында автор морфологиялық пен сөзжасамдық талдаулар жасаған кезде терминдердің ортақтығы талдауда қиындық тудырып отырғандығын баса айтады. Ғалымның мына бір пікірі ерекше назар аудартады: «... «түбір» мен «негіз» бірінің орнына бірін талғаусыз қолданылатын термин емес. «Түбір» деген морфологияда бір сөзге мысалы, *егінші* сөзінің түбірі *егін*, негізгі түбірі «ек» тұлғасына қатысты болса немесе мықтағанда «түбір» түбірлес сөздер жасауға қабілетті болса, ал «негіз» бір ғана сөзге емес, бір ғана, морфология тілімен айтқанда, түбірлес сөздерге ғана емес, бүтіндей сөзжасамдық ұя жасауға қабілетті термин болып табылады. Ал бір сөзжасамдық ұяда 10-15 сөзден бастап 100-ге тарта сөз жасалады. «Түбірде» мұндай қасиет болмайды да, ол өзі жасап отырған сөзге ғана қатысты және морфология саласының зерттеу нысанына сөзжасамдық бірліктер мәселесі мүлдем қатысы жоғын ескерген жөн болады» - дей келе [4, 19], автор «түбір» терминін оңды-солды қолдана беру ұтымдылыққа әкелмейтіндігін ескертеді. Автордың «негіз» бүтіндей сөзжасамдық ұя жасауға қатысады деген пікірімен толық келісеміз, себебі ұядағы тізбектер негіз сөзден тарайды. Автордың мысалындағы *егінші* сөзін морфологиялық талдауда *туынды түбір* деп, ал сөзжасамдық талдауда *негізді сөз* деп алсақ, қай сала

бойынша талдау жасалып жатқандығы анық аңғарылады. Олай болса, Т.Т.Пірімбетовтің жоғарыдағы пікірі негізсіз емес.

Сонымен қатар, Т.Т.Пірімбетов «туынды сөз» темінің де орынсыз жұмсалып жүргендігін айта келе, бұл терминді біржолата сөзжасам саласының еншісінде тұрақтандырған жөн деген пікір білдіреді. Ғалымның назар аударған бұл мәселесі бүгінде шешімін тауып, қазір «туынды сөз» термині сөзжасам саласында тұрақтанды, сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған сөздердің барлығын да «туынды сөз» деп атау тілде орнықты.

Т.Т.Пірімбетовтің ерекше назар аударған тағы бір мәселесі – тіл білімінің морфология және сөзжасам саласында қолданылып жүрген жалаң және күрделі сөздер деген терминдерге қатысты мәселе. Автор: «Туынды сөз белгілі бір тәсілмен жасалады. Осыған орай құрам жағынан туынды сөздер а) жалаң негізді сөз; ә) күрделі негізді сөздер болып екі топқа бөлінеді. Бұл термин де көңілге онша сенімді емес. Себебі *жалаң*, *күрделі* деген сөздер морфология саласында да қолданылады», - дей келе [4, 21], терминді қайталамас үшін жалаң сөздерді «бір негізді», күрделі сөздерді «көп негізді» немесе «аналитикалық негіздер» деп атауды ұсынады. Өкінішке қарай, осы күнге дейін бұл терминдер тілде екі салаға да қатысты қолданылып жүр. Ғалымның морфология мен сөзжасамда ортақ қолданылып жүрген осы екі терминнің аражігін ашу керек деген пікірі өте орынды, себебі сөзжасамда қаралып жүрген күрделі сөздер келесі туынды сөзді жасауға арқау бола алады. Мысалы, май шелпек сөзі – май шелпектей, май шелпекше туындыларының жасалуына негіз болса, шегара сөзі – шегарашы, шегаралық және т.б. сөздердің жасалуына арқау болып тұр. Ал морфология саласында «күрделі сөз» термині тек сөз құрамына қатысты қолданылады. Бір терминнің екі салаға ортақ қолданылуы талдауда қиындық тудыратыны сөзсіз. Олай болса, бұл терминдердің де мәнін айқындап, әр сала бойынша атқарар қызметін нақтылап, қай салаға тұрақтандыру қажеттілігін шешу әлі де өзекті саналады.

Т.Т.Пірімбетов сөзжасам мен морфология саласында қолданылып жүрген терминдерде бірізділіктің сақталмай отырғандығына назар аударып қана қойған жоқ, олардың аражігін ашып, өзіндік терминдерін ұсынды және оның тіл білімінде қабылдану, қабылданбауын уақыттың еншісіне қалдырды.

Қазақ тіл білімінде грамматиканың морфология саласы сөзжасам саласына қарағанда теориялық негізі қалыптасқан, құрылымдық тұрғыдан талдау жүйесі орныққан сала танылады. Десек те, Тұрмағанбет Төлешұлы қазіргі қазақ тілінің морфология саласына, оның ішінде сөз таптары мәселесіне қатысты тың ой қозғаған. Автор «Еліктеу сөз табының кейбір морфологиялық және сөзжасамдық мәселелері» [5] деген мақаласында қазақ тіліндегі тоғыз сөз табының ерекшелігіне қарай олардың сөзжасамға қатысу қабілеті де түрлі болатындығын айтады. Мәселен, басқа сөз таптарына қарағанда зат есім, сын есім, етістіктердің сөзжасам үрдісінде белсенділігін, ал сан есім, еліктеуіш сөздер, одағай сияқты сөз таптарының сөзжасамдық мүмкіндігі төмендеу екендігін, шылаулардың сөзжасамдық элементі өте аздығын сөз ете отырып, еліктеуіш сөздердің сөзжасамына ерекше назар аударады. Автор еліктеу сөздердің сөзжасамдық тұрғыдан терең зерттелмегендігін, бұған дейінгі монографиялық еңбектерде морфологиялық тұрғыдан ғана қарастырылғанын сөз етеді. Тұрмағанбет Төлешұлы еліктеу сөздердің зерттелуіне шолу жасай отырып, 1954 жылдан бері жеке сөз табы ретінде саналып жүрген еліктеу сөздердің әлі де болса пікір таластырып отырған мәселелерінің бар екендігін атап өтеді. Ғалым еліктеу сөздердің коммуникативтік-прагматикалық сипаты, сөзжасамдық қабілеті, тіркес құрау мүмкіндігі толық зерттелмей отырғандығына назар аудартады. Сонымен қоса осы мақаласында автор еліктеу сөздерден синтетикалық тәсіл арқылы жасалған зат есім, етістік, сын есімдерге және етістіктен жасалған еліктеу сөздерге талдау жасайды. Еліктеу негізді туынды сөздер жайлы зерттеулерден кездестіріп жүрміз, ал негіз етістіктерден жасалған *жайнаң*, *домалаң*, *қызараң* тәрізді туынды еліктеу сөздер тілден орын алып отырса да, сөзжасамдық сипаты күні бүгінге дейін толық ашылмаған. Бұл мәселе де Тұрмағанбет Төлешұлының назарынан тыс қалмаған.

Сондай-ақ еліктеу сөздердің сөзжасамында аналитикалық тәсілдің орны ерекше, әсіресе қосарлау тәсілінің рөлі басым екендігіне, аналитикалық тәсілдің тіркестіру жолы сөз табының бұл түрінде өнімсіз екендігіне және олар етістікпен жиі тіркессе, сын есім, үстеу, шылау сияқты сөз таптарымен мүлде тіркеспейтіндігіне, қысқарту тәсілінің тіптен кездеспейтіндігіне тоқталып өтеді. Тұрмағанбет Төлешұлы 2010 жылдары мақала көлемінде мәселе етіп көтерген еліктеу сөздердің сөзжасамдық табиғаты бүгінде толық зерттелді деп айта алмаймыз. Оған бір ғана дәлел – еліктеу сөздердің сөзжасамы қазіргі қазақ тілінің сөзжасамына қатысты жарық көрген бірде бір еңбекте жеке қарастырылмай отырғандығы. Олай болса, тақырып әлі де өзекті.

Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов сөз таптарының қатарында танылып жүрген шылауға қатысты тың пікір білдіреді. Автор шылауларға қатысты өзіндік пікірін «Қазақ тіліндегі шылаулардың морфологиялық тұлғасы мен лексика-грамматикалық мәні» [6] атты мақаласында баяндайды.

Қазақ тіл біліміне қатысты еңбектерде септеулік шылаулардың сол септеулік дәрежесінде тұрып-ақ морфологиялық жағынан тұлғаланып, кейбіреулері септік формасын, кейбіреулері көптік, жіктік жалғауларын қабылдап, кейбіреулері жұрнақтарды да қосып алып, түрленіп отыратындығы жайлы айтылған. Автор төмендегі мысалдарды келтіре отырып, осы тұжырымға қарсы пікір білдіреді. «Мысалы: *Байтас та күлген бойында қайта оралып келеді екен* (М.Ә). *Сүлеймен жылаған бойымен айта берді* (С.Ер.). Бұл сөйлемдерде «бойы» септеулігі «бойына, бойында, бойымен» формасында келгенімен, оның негізгі көмекшілік қызметі мен мағынасында өзгеріс болып тұрған жоқ. «Бойы» сөзіне жалғанып тұрған ... жалғауларды жалғамай-ақ: : *Байтас та күлген бойы қайта оралып келеді екен. Сүлеймен жылаған бойы айта берді* деп өзінің алғашқы тұлғасында айтуға да болады. Олай болса, «бойы» септеулігі септеліп өзгереді деп қарамай, кейбір септік формаларын қабылдау қабілеті сақталған деп қарағанымыз дұрыстау болады» дейді. Осылайша автор туралы, жөнінде, сияқты, тәрізді, секілді, сықылды, шақты, шамалы, соң, бірге т.б. септеуліктердің қосымшаларды қабылдап тұлғасын өзгерткенімен, өзінің сол септеулік қалпын, яғни көмекшілік қалпын өзгертпейтіндігін нақты мысалдар арқылы дәлелдеп көрсетеді. Демек, автордың бұл пікірінің қаншалықты орынды екендігі және осы уақытқа дейінгі қалыптасқан тұжырымдардың қаншалықты дұрыс екендігі ары қарай зерделеп, зерттеуді, толықтыруды қажет етеді.

Сонымен қатар Тұрмағанбет Төлешұлы шылаулардың синтаксистік ерекшеліктері мен модальдық мәніне жете көңіл бөлінбей отырғандығын да атап өтеді. Зерттеуші шылау сөздердің басқа сөз таптарынан айырмашылықтарын көрсете отырып, оның толық мағынасының болмайтыны, сөйлем мүшесі бола алмайтыны, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра, сабақтастыра байланыстырып немесе толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылатыны, түрленбейтіндігі, басқа сөз таптарынан жасалмайтындығы жайлы айта келе, шылауларды жеке сөз табы емес, көмекші сөздер ретінде санау қажет деген батыл қорытынды жасайды. Сөздерді таптастыру принциптеріне толық сай келмейтін шылауларды көмекші есімдер мен көмекші етістіктердің қатарында көмекші сөздер ретінде тану керек деген пікірлер бүгінгі қазақ лингвистикасында әредік айтылып жүр. Бұл мәселенің де шешімін табу уақыт еншісінде болмақ.

Қорытындылай келсек, Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов сөзжасам мен морфология саласындағы мына мәселелерге баса назар аударып, оған қатысты өз тұжырымын ұсынып отырған:

- морфология мен сөзжасам саласындағы терминдерде бірізділіктің жоқтығы және терминдердің ортақтығы екі саланы бөліп қарастыруда қиындық келтіретіндігі;
- қазақ тіл білімінде туынды сөз, туынды түбір мәселесі морфология мен сөзжасам салаларында қатар танылып, әртүрлі сипатталып жүргендігі;
- морфологиялық талдаулар мен сөзжасамдық талдаулардың аражігінің ашылмауы;

- еліктеу сөздер сөзжасамының қазақ тіл білімінде зерттелмегендігі, олардың морфологиялық және сөзжасамдық статусының ашылмағандығы;
- шылауларды жеке сөз табы емес, көмекші сөздер тобында қарастыру қажеттілігі;
- қазақ тіл білімі сынын қалыптастыру қажеттілігі.

Міне, жоғарыда біз Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетовтің сөзжасам мен морфологияға қатысты негізгі ой-тұжырымдарына қысқаша шолу жасап өттік. Осы шолудан байқағанымыздай, Тұрмағанбет Төлешұлы тіл білімінің морфология және сөзжасам салаларындағы түйткілді мәселелерді дер кезінде байқап, оны шешудің жолдарын ғылыми ортаға мақала ретінде ұсынып отырған. Ғалым көтерген мәселенің барлығы бүгін шешімін толық тапты деп айта алмаймыз, сондықтан да жоғарыда аталған мәселенің біразы әлі күнге дейін өзекті саналады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
2. Пірімбетов Т.Т. Морфология және сөзжасам саласындағы кейбір терминдер жайындағы мәселелер. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №4 (56), 2009. Б.85-89.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Пірімбетов Т.Т. Сөзжасам саласындағы туынды сөз бен туынды түбір мәселелері. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №2 (74), 2014. Б. 18-22.
5. Пірімбетов Т.Т., Сапарова К.О. Еліктеу сөз табының кейбір морфологиялық және сөзжасамдық мәселелері. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №4 (60), 2010. Б. 61-68.
6. Пірімбетов Т.Т., Ахметова А.А. Қазақ тіліндегі шылаулардың морфологиялық тұлғасы мен лексика-грамматикалық мәні. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №4 (80), 2015. Б. 11-15.

#### **Қалиев Бектұрсын Аманкүлұлы**

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[kaliev-69@mail.ru](mailto:kaliev-69@mail.ru)

#### **ДОЦЕНТ Т.Т.ПІРІМБЕТОВТІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ ЖАЙЫНДА**

Қанша уақыт өтсе де соңында қалған еңбегі ешқашан ескірмейтін, керісінше, онда айтылған ой-тұжырымы, пайымдауы зат пен құбылыстың мәнін ашуға, қыр-сырына тереңдей түсуге жол ашатын, зерделі ой салатын маңызды зерттеулерімен тұлғасы асқақтап тұратын ғалымның бірі – Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов.

Қазақ тіл білімінде лексика саласы бойынша 1980 ж. дейін арнайы тақырып ретінде зерттеле қоймаған тілдік мәселенің бірі – қарапайым сөздер табиғаты, сөйлеу тілі элементтерімен арақатынасы, қарапайым сөздердің шығу негіздері, жасалу жолдары, қарапайым сөздердің эмоционалды-экспрессивті бағалама қызметі, семантикалық топтары мен көркем мәтіндегі кейбір қолданысын алғаш рет ғылыми тұрғыдан сөз еткен, сондай-ақ морфология және сөзжасам саласының өзекті мәселесіне қатысты үнемі үн қосып отырған лингвист-ғалымның соңында қалдырған бай мұрасы мол. Оларды ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік, жалпы тарихи танымдық, филологиялық деп қарастыруға болады.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері қарапайым сөздер, қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы, қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, сөз құрамы, туынды сөздер, Абай шығармаларының тілі мәселесіне арналған.

Жалпы қарапайым сөздердің тек қазақ тіл білімінде ғана емес, қай тілде болсын күрделі құбылыс екенін айта келе, «қарапайым элементтерді нақты бөліп көрсету үшін, оның табиғатын анықтау үшін де, алдымен, сол сөз болып отырған қайсыбір тіл болсын әдеби нормасы мен сөйлеу тілі нормасының шегарасы айқын түрде бөлінбесе, ондай тілдерде қарапайым элементтерді сенімді түрде ажыратып көрсету мүмкін емес», – дейді.